

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының
білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын**

Ертеңгілік

«Айналайын» ересек топ

«Біз тәуелсіз ел ұланымыз!!»

**Тәрбиешілер: Ж. Жұмағұлова
Ә. Жаназарова**

**Талапты ауылы
2023-2024 оқу жылы**

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

«Біз тәуелсіз ел ұланымыз! »

Мақсаты :

1. Білімділігі: Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.
2. Тәрбиелігі: Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүюге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
3. Дамытушылығы: балалардың өткен тарихқа деген қызығушылығын ояту.

Көрініс

(Әжесі жүн тутіп отырады Немересі далада ойнап жүреді)

Әжесі: Е-е-е-е... — тәуба! Бергеніне шүкір...

Немересі: Әже, әжетай! Далада керемет болып жатыр, аспанға жаркылдаған салют атып, адамдар құанышқа бөлініп жатыр. Жүріңіз, көрейік!

Әжесі: Е-е-е-е, жарығым бұл қуаныш. Тәуелсіздіктің мейрамына арналған керемет, қой.

Жақсылығымыз ұзағынан болсын!

Немересі: Әжетай, Тәуелсіз деген не?

Әжесі: Тәуелсіздік деген еркіндігің, бостандығың, бақытың, балам. Біздің кезімізде мұндай еркіндік болған жоқ.

Немересі: Сол өміріңіз туралы айтып беріңізші?

Әжесі: Әй, балам-ай, өткен өмірді көз алдыма елестетсем шуылдап, басым айналады. Аздап тынықпасам болмас. (Әжесі немересімен қисайып жата кетеді).

Немересі: (көзін ұқалап тұрады) — Әже, жап-жарық күнді көрдім. Көп түс көрдім.

Әжесі: Е-е-е-е..., ол сенің бақытың, балам. Тәуелсіздігінің мәңгі жарық күні.

Немересі: Ендеше мен ұстаздарымнан, жолдастарымнан сүйінші сұраймын. Алақай, сүйінші!

Тәуелсіздіктің ақ таңы атып келді!

Жүргізуші: Елдің ұлы мейрамы.

Жаңа шыққан көктемдей,

Жаз күніндей жайдары.

Арымыздай тап-таза

Жанымыздай шуақты!

Көтерілді биікке

Қазақстан байрағы.

Бұл мереке салтанатты болғандықтан еліміздің әнұранымен ашуға рұқсат етіңіздер!

Әнұран айту. (Барлығы орындарынан тұрып жүректеріне оң қолдарын қояды)

-Балалар біздің ұлтымыз кім?

-Балалар біздің мемлекетіміз қалай аталады?

-Қазақстан қандай мемлекет ?

-Елбасымыз кім?

-Елорда бас қаламыз қай қала?

-Ал өзіміз қандай қаланың жанында тұрамыз

-Ал Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?

Олармен біз қалай тұрам

Ал бүгінгі өткізіп жатқан шарамыз қандай мерекеге арналып жатыр?

Дұрыс балалар өте жақсы жауаптар бердіңдер. 16 желтоқсан Қазақстанның тәуелсіздік алған күні.

Ол күнді біздер ерекше қуанышпен тойлаймыз. Ал ос тәелсіздік деген сөзді қалай түсінесіңдер?

(Балалар жауаптары)

Хор: «Мен елімнің гүлімін»

Балалар Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздік мағынасы зор,

тамыры терең ұғым. Оған миллиондаған адамдарын құрбандыққа шала отырып қол жеткізеді.

Қазақстан тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін көру үшін тарихқа көз жүгіртейік.

Слайд –шоу арқылы Желтоқсан оқиғасын көрсету.

27 жыл бұрын Қазақ елі Ресейге бағынышты болды. Елімізде Дінмұхаммет Ахметұлы Қонаев

атамыз бірінші секретарь болды. 1986 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан компартиясы ОК Пленумы

өтті, ОК Бірінші хатшысы Д.А.Қонаев қызметінен босап, орнына осыған дейін Ульяновск

облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбин қойылды. Бірақ бұл жолы жергілікті

халық оған көнген жоқ. Қарсылықты қазақ жастары бастады

Оған Алматыда бір топ жастар қарсы болып,, Қазақ елін қазақ басқару керек деген ұранмен

алаңға шыққан

Демонстрацияны үкімет қарулы күшпен таратты.

Оқиғаға қатысқандарды саяси тұрғыдан қуғындау басталды. 99 адам сотталды, 264 студент оқудан

шығарылды. Тәуелсіздік аңсаған жастар ұлттың намыс құдіретін дүние жүзіне танытқан

бұл оқиғаның құрбандары болған Қ. Рысқұлбеков,

Л.Асанова,С.Мұхаметжанова, Е.Сыпатаевтардың жүректі үні, ел намысын қорғаған

ерліктері мәңгі өшпейді.

1 минут үнсіздікпен еске алу

Тақпақтар:

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн!
Ерекше боп мәңгілік,
Ел жадында қалған күн!

Жасай берсін Ұлы күн,
Үміті боп елінің.
Ақ күні боп баланың,
Шаттығы боп атаның

Аласармас аспанымда,
Күнмен гүлдеп ел өседі.
Қазақстан аспанында.
Бостандықтың желі еседі.

Өнді алысқа жеткіземіз,
Көкке елдің туы ілінді
Жылда той қып өткіземіз,
Тәуелсіздік ұлы күнді.

Маған қымбат ұлы елімнің .
Шешек атқан әр гүлі.
Аялайды бәрімізді,
Азаттықтың таң нұры.

Сарыарқаның даласында,
Күн шуағын төккен күн.
Елім менің, жерім менің,
Баққа қолы жеткен күн.

Бостандығым тұңғыш рет,
Аққанатын қаққан күн.
Әже әлдилеп немересін,
Басы айналған бақтан күн.

Тәуелсіздік ұлы күнім,
Тұрсын жайнап төбемде.
Сен, жасай бер мәңгі бақи,
Қуанышқа бөлен де.

Тәуелсіздік –
Бақ туын.
Қолға ұстаған сәт бүгін,
Болсын дәйім шат күнім.

Балабақша серпін нық,
Көкке атады бөркін жұрт.
Тәуелсіздік –ынтымақ,
Тәуелсіздік еркіндік.

Қыста келген бақыт бұл,
Қыспай берген жақұт нұр.
Аппақ қардай пейілін
Әлемге елім шашып тұр.

Тәуелсіздік – ел болу
Ынтымақпен өрге озу.
Еркін және өзге елмен,
Терезесі тең болу.

Өз меншігің

Тау, дала

-Енді балаларымыздың мерекеге дайындаған биіне кезек берейік.

Би.

Ойын: «Теңге алу»

Хор: «Көк туың желбірегені...»

